> ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ПО ТМТМ С НАЧАЛА ГОДА СОСТАВИЛ 9,1 ТЫСЯЧИ ДФЭ, ЗАФИКСИРОВАН РОСТ НА 98%. ЭТО СЛОЖНЫЙ МУЛЬТИМОДАЛЬНЫЙ МАРШРУТ, СВЯЗЫВАЮЩИЙ АЗЕРБАЙДЖАН, ГРУЗИЮ, ТУРЦИЮ, И ТРЕБУЮЩИЙ НЕСКОЛЬКО ПЕРЕВАЛОК ГРУЗОВ ЧЕРЕЗ МОРСКИЕ ПОРТЫ.



Нурлан ИГЕМБАЕВ,
генеральный директор АО «KTZ Express»

№83 (2691)
08/10/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## НОВЫЕ ПОЛУВАГОНЫ ДЛЯ АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС»

**Первый заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов посетил город Екибастуз и ознакомился с работой предприятий, обеспечивающих функционирование железнодорожной отрасли.**



**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**
Екибастуз

В регионе сформирован железнодорожный кластер, выпускающий широкий спектр продукции для железнодорожного транспорта. Национальная компания оказывает поддержку отечественному производителю.

Первым объектом посещения стала производственная площадка ТОО «Казахстанская вагоностроительная компания», которое успешно справилось с задачей по изготовлению и поставке 1 000 полувагонов для АО «Қазтеміртранс».

– Мало кто верил, что за такой короткий промежуток времени получится наладить выпуск 150 полувагонов в месяц. Это огромное достижение. Промышленность Казахстана развивается, запускаются предприятия, разрабатываются новые месторождения, поэтому потребность в полувагонах в ближайшие 3-5 лет будет только увеличиваться, – сказал Канат Альмагамбетов.

Стоит отметить, что данный проект реализован при поддержке государства. АО «НУХ «Байтерек» и АО «Фонд развития промышленности» выделили 23,3 миллиарда тенге на производство и поставку 1 000 грузовых полувагонов для нужд железной дороги в текущем году.

Новые полувагоны уже поставлены на участки железной дороги Жана-Караганда – Брест – 325 единиц, Жомарт – Кавказ – 65, Шубарколь – Лужская – 200, Шубарколь – Вышестеблинская – 200, Кызылжар – Электростанция – 65 и Корожонкуль – Электростанция – 145 единиц.

– Парк АО «Қазтеміртранс» пополнился «молодым» подвижным составом. При этом очень удобно, что новые инновационные вагоны имеют увеличенный межремонтный интервал, – отметил директор департамента по обеспечению перевозок АО «Қазтеміртранс» Нурлан Есембаев.

Канат Альмагамбетов также посетил объекты группы компаний ТОО «Railways Systems KZ», расположенные в Екибастузе. В ТОО «Проммашкомплект» рассказали о ситуации с производством железнодорожных колес. Если в 2019 году было произведено и отгружено около 53 тысяч колес, в 2020-м – 154 тысячи, то в текущем году – уже около 120 тысяч. Продукцию поставляют как по Казахстану, так и за рубеж.

Затем он ознакомился с деятельностью ТОО «RWS Wheelset». Здесь производят железнодорожные оси и колесные пары. В этом году у предприятия уже заказано 10 тысяч колесных пар для АО «ЗИКСТО» в Петропавловске и еще 4 тысячи – для ТОО «Казахстанская вагоностроительная компания».

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## Құрметті кәсіподақ қызметкерлері!

*Сіздерді қазанның 10-ы күні аталып өтетін төл мерекелеріңіз – Қазақстан Республикасының Кәсіби одақтары күнімен құттықтаймын! Әділдік, бірлік және ұжымдық ауызбіршілік қағидаттарын негізге ала отырып жұмыскерлер мүддесін қорғаудағы қызметтеріңізге сәттілік тілеймін!*

*«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі еңбеккерлердің жұмыс барысындағы құқықтары мен қауіпсіздігінің сақталуын, денсаулығына нұқсан келмеуін, еңбегіне сай жалақы мен әлеуметтік кепілдіктер алуын қамтамасыз етуде белсенділік танытып келеді. Қазіргі уақытта 100 мыңға жуық теміржолшы ұжымдық келісімшартқа сай әлеуметтік тұрғыдан қамтылған болса, бұл – Ұлттық компания мен салалық кәсіподақтың ортақ жетістігі. Алдағы уақытта да «Қазақстан темір жолы» ҰК мен «Қазкөліккәсіп» КБ еңбек адамының құқы мен мүддесін қорғау жолындағы игі істерді жалғастыра берері сөзсіз. Жолкөлік жүйесіндегі әріптестеріміздің лайықты өмір сүруіне жағдай жасауға бағытталған ұстанымдарыңыз бен ұйымдастырушылық қабілеттеріңіз әрдайым нәтижелі болсын!*

*Осынау жауапкершілігі мол жұмыста сіздерге зор денсаулық, мұқалмас жігер, қажымас қайрат тілеймін! Отбасыларыңыз аман болып, шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын!*

***Нұрлан САУРАНБАЕВ,***
***«Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы***



**Сауле ИСТЛЕЕВА,**
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің басшысы:

> **ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ – КОМПАНИЯНЫҢ ОДАН ӘРІ ТАБЫСТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ. ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ШИЕЛЕНІС СЕБЕПТЕРІН АНЫҚТАУ, ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОҚШАУЛАУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТА ӨҢІРЛІК ЖӘНЕ ЖЕЛІЛІК ДЕҢГЕЙДЕГІ БАСШЫЛАРДЫҢ РӨЛІ АСА МАҢЫЗДЫ**

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ҮШ ТОҚСАНЫНДА «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ ПОЙЫЗДАРЫМЕН

**8 млн**

АСТАМ ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАНҒАН.

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕГІ АРАЛЫҒЫНДА ТРАНСКАСПИЙЛІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК БАҒДАРЫ БОЙЫНША ҚЫТАЙ-ЕУРОПА ЖӘНЕ КЕРІ БАҒЫТТА ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

**15 000**

ЖФЭ-НІ ҚҰРАҒАН.

БИЫЛ «ЛОКОМОТИВ ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫ» АҚ ӨНДІРІСІНЕН БАРЛЫҒЫ

**43**

ЛОКОМОТИВ ҚҰРАСТЫРЫЛЫП ШЫҒАДЫ.

## Профсоюз

## ОПРАВДЫВАЯ ДОВЕРИЕ

**10 октября в Казахстане традиционно отмечается День профсоюзов. ОО «КАЗПРОФТРАНС» является одним из самых крупных и активных отраслевых профсоюзов реального сектора экономики страны. Сегодня он защищает права и интересы свыше 100 тысяч человек, в том числе 97% от общей численности коллектива АО «НК «ҚТЖ».**

**Махаббат НЕГЕМБАЕВА,**
Нур-Султан

– Железнодорожная отрасль Казахстана всегда была социально ориентированной и надежной. Руководство АО «НК «ҚТЖ» придает первостепенное значение вопросам охраны труда, производственной безопасности и благополучия работников. Ведь благоприятный климат в коллективах напрямую влияет на повышение производительности труда и эффективность компании, – отмечает председатель ОО «КАЗПРОФТРАНС» Оразгали Ахметбаев.

Все эти вопросы успешно решаются посредством регулятора трудовых отношений – Коллективного договора на 2021-2023 годы. В минувшем году на исполнение норм отраслевого соглашения между АО «НК «ҚТЖ» и его трудовым коллективом направлено более 10 миллиардов тенге. Всего в текущем году в структуре Профсоюза заключены 26 коллективных договоров, 2 пролонгированы.

Структура Казахстанского отраслевого профсоюза работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта включает в себя 13 филиалов, 17 локальных профсоюзов, 318 первичных организаций, а также четыре представителя Центрального совета профсоюза по Атыраускому, Восточно-Казахстанскому, Мангистаускому и Семейскому регионам.

За 2020-2021 годы производственными советами по безопасности и охране труда и техническими инспекторами проведено порядка 9 500 тысяч проверок, большая часть выявленных замечаний устранена. Оказана поддержка работающим и неработающим членам профсоюза с ограниченными возможностями. Так, для их нужд приобретено 50 единиц спецавтотранспорта и 14 инвалидных колясок.

На протяжении последних лет Профсоюз постоянно поднимал вопросы улучшения санитарно-бытовых условий работников. В рамках реализуемой в компании Концепции создания БЛАГОприятных условий труда КАЗПРОФТРАНС собрал информацию по проблемным объектам во всех регионах Казахстана. На реализацию концепции до 2025 года АО «НК «ҚТЖ» будет направлено свыше 31 миллиарда тенге.

Для активизации деятельности первичных профсоюзных организаций по защите прав и интересов трудящихся 2021 год решением генерального совета Федерации профсоюзов РК объявлен Годом первичной организации профсоюза.

## Уважаемые коллеги!

*Сердечно поздравляю всех членов Профсоюза и ветеранов профсоюзного движения с профессиональным праздником! Профсоюз всегда стоит на защите законных прав и интересов работников, обеспечивая им достойные условия труда и социальную стабильность в коллективе.*

*Каждый день представители Профсоюза на местах вносят вклад в решение социально-экономических вопросов, сохранение рабочих мест, организацию отдыха сотрудников и членов их семей, физкультурно-оздоровительную работу, помощь коллегам, оказавшимся в трудной жизненной ситуации, и ветеранам отрасли.*

*Опираясь на многолетние профсоюзные традиции, в основе которых – принципы справедливости, единства и солидарности, отраслевой Профсоюз ведет конструктивный диалог с работодателем и органами власти, обеспечивает контроль над соблюдением трудового законодательства, охраны труда и здоровья.*

*В условиях пандемии коронавируса и связанных с ней ограничений Профсоюз активно участвует в разработке мер по социальной поддержке многотысячного коллектива железнодорожников, оказывает правовую и материальную помощь и обеспечивает их средствами индивидуальной защиты, а социально уязвимые слои населения – продуктовыми корзинами.*

*Наш Профсоюз силен своими кадрами. Это люди с активной жизненной позицией, настоящие профессионалы и умелые организаторы, работающие во благо коллектива и компании. Они достойно выполняют главную задачу профсоюза – защиту прав человека труда, чем заслужили высокое доверие коллег.*

*Уважаемые коллеги, желаю вам успехов в дальнейшей деятельности, крепкого здоровья, мира, добра и благополучия!*

***Оразгали АХМЕТБАЕВ,***
***председатель ОО «КАЗПРОФТРАНС»***

## КӨМІР ТАСЫМАЛЫНДА КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕ ЖОҚ

**«Шоқ қайдан болса, жылу содан» дейді халық даналығы. Ал жылудың қайнар көзі көп жағдайда қара тас көмір екені сөзсіз. «Кәрі құданың» қабағынан қар жауып, қылышын сүйреп келеріне де санаулы күндер қалды. Алайда алдағы жылыту маусымына ел өңірлері дайын ба? Еліміздегі «ҚТЖ» ұлттық компаниясы көмір тасымалын қалай ұйымдастырып отыр?**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Вагондар жеткілікті ме? Міне, осы сияқты басқа да сауалдарға «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары Қанат Көбесов 2021 жылдың 5 қазанында «Самұрық-Қазына» АҚ алаңында өткен онлайн-брифинг барысында жауап берді.

Оның айтуынша, үстіміздегі жылдың 9 айында көмірдің жалпы тиелімі өткен жылмен салыстырғанда 4% өсіп, 76,6 млн тоннаны құраған. Қазақстандық тұтынушыларға 53,5 млн тоннасы жеткізіліп, бұл көрсеткіш өткен жылдың үш тоқсаны деңгейінен 2% жоғары болған.

«Бірінші кезекте, темір жол ЖЭО мен тұрғындардың қажеттіліктерін толық көлемде жабады. Бүгінде Қазақстанның негізгі ЖЭО-ларына 47,4 млн тонна, ал халыққа 6,1 млн тонна қатты отын тиеліп, жеткізілді. Біз жоспардан сәл артта қалып отырмыз. Оған себеп, Қазақстанның оңтүстік өңірлері көмірді жеткізуге енді өтінім бере бастады. Өйткені елдің оңтүстігінде салыстырмалы түрде жылы ауа райы байқалып отыр. Ал Қазақстанның солтүстік өңірлеріне келсек, коммуналдық-тұрмыстық көмірмен толық қамтамасыз етілген», – деген Қанат Көбесов, елімізде жұмыс істеп тұрған 28 ЖЭО-да көмірдің нормативтік қоры қамтамасыз етілгенін атап өтті.

Ол сондай-ақ, ЖЭО-ларға көмір тиеу жұмыстары тәулік бойы бақылауда екенін, айналма маршруттар ұйымдастырылып, жүк вагондарымен қамтамасыз ету тиісті деңгейде жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Спикердің сөзіне қарағанда, көмір тасымалдауға қажетті ашық вагон паркі жеткілікті көлемде. Мәселен, ел аумағында 64 мыңнан астам ашық вагон бар болса, соның 55%-ы қатты отынды тасымалдауға жұмылдырылған.

*(Жалғасы 2 бетте)*

# БЕЛСЕНДІЛЕРДІ МАРАПАТТАДЫ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

КӘСІПОДАҚ

**Тәуелсіздік мерейтойына орай «30 күнге 30 шақырым» атты кәсіподақ марафонына Семей ЖТ бөлімшесінің атынан қатысқан бірқатар желаяқ теміржолшылар жүлдегер атанды. Жақында оларды ел шығысына жасаған сапары аясында «Қазкөліккәсіподақ» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев арнайы құттықтады.**




Оразғали Төлепбекұлы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іргелі шарада жеңіске жеткен Болатбек Шутиковты, Сәуле Асқарова мен Нұрлан Бегәділовті арнайы дипломдармен марапаттап, медаль тақты. Ол өз сөзінде, қоғамдық шаралар ұйымдастыруда, сонымен қатар, отандық теміржол саласының игілігі жолында семейлік кәсіподақ қызметкерлерінің аса белсенді екенін айтты. «Семей ЖТ бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағалары теміржолшылар арасында түрлі іс-шаралар өткізіп, еңбек қатынастарын реттеуде, кәсіби және спорттық салада белсенді өмір салтын қалыптастыруда зор жетістіктерге жетуде. Жергілікті кәсіподақ ұйымының төрағасы Алик Досановтың биылғы теміржолшылардың төл мерекесінде Құрметті теміржолшы атағын алуы, кешегі марафонда үздік атанған үш жеңімпаз – сөзіміздің айқын дәлелі», – деді ол. Осыдан соң астаналық мейман желі бойындағы мекемелердің кәсіподақ жетекшілерімен жиын өткізіп, бірқатар өзекті мәселелерді талқылады. Сауал-жауап алмасып, қызмет барысы бойынша әңгімелесті. Сондай-ақ, бөлімшедегі қайта жаңарып, жабдықталған «Психологиялық жеңілдену бөлмесін» көріп, жоғары баға берді, Семей вокзалында орналасқан Түрксіб мұражайының жәдігерлерімен де танысты.

*Суретті түсірген автор*



# КӨМІР ТАСЫМАЛЫНДА КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕ ЖОҚ

*(Соңы. Басы 1 бетте)*

Жүк жөнелтушілердің ашық вагондарды жалдау бойынша шарттық жұмысты уақытылы жүргізіп, көмір маусымына ертерек кірісуі де жұмысты жеңілдетіп, вагондар тапшылығын болдырмауда. Осы арада, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның көмір тасымалын көктемнен бастап ұйымдастырып, жүк жөнелтушілермен және қабылдап алушылармен, сондай-ақ көмір разъездері басшыларымен жиі-жиі кездесіп, сұхбаттасуы жемісті нәтижесін беріп отырғанын айтар едік. Оның үстіне, темір жол әлеуметтік маңызды жүк – көмір тасымалына тарифті өсірген жоқ және бұл тенденция жыл соңына дейін сақталмақ. Нақты деректер, көмір тасымалы тарифінің қара металдарды тасымалдау мөлшерлемесінен бес есе, орман жүктерінен 2,5 есе төмен екенін көрсетіп отыр. Десе де, бұл көмір тасымалына қатысты проблема мүлдем жоқ деген сөз емес. Қанат Көбесов, кірме жолдарда вагондардың көмір тиеуге қатысты нормадан ауытқып, ұзақ тұрып қалуы «жоғалтылған пайда» екенін айтады. Мәселен, «Востокугольпром» ЖШС кірме жолдарында вагондардың тұру нормасы 15,6 сағат болса, олар 18 сағат тұрып қалады, орташа есеппен тәулігіне 18 вагон немесе 1260 тонна көмір тиелмейді. Ай қорытындысы бойынша жоғалған пайда 38 мың тоннаны құрап отыр. Ал «Шұбаркөл көмір» АҚ бойынша 24 сағат нормасында вагондар 36 сағат тұрып қалған, тәулік сайын 68 вагон немесе 4760 тонна көмір тиелмей, бір айдың қорытындысы бойынша жоғалған пайда көлемі 143 мың тоннаны құраған.

Жылыту маусымы қарсаңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратында көмір тасымалдау жөніндегі жедел штаб апта сайын көмір жөнелтушілердің қатысуымен отырыстар өткізіп, вагон айналымын бақылап, вагондардың жүк операцияларында тұрып қалуын қысқарту жөніндегі шараларды қабылдайды. Биылғы жылы жол бөлімшелерінде құрылған мониторингтік топтар көмір тұйықтарының кірме жолдарында көмірдің болуы туралы ақпарат жинап, проблемалық мәселелерді анықтайды және оларды бірлесіп шешуге көмектеседі. Демек, бұл барлық темір жол қызметтері тәулігіне 24 сағат жұмыс істеп жатқанын айқындай түседі.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# МАНЕВРЛІК ТЕПЛОВОЗДАР ЖАҢАРТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

ЛОКОМОТИВ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

**Елімізде локомотив паркі жедел қарқынмен болмаса да, бірте-бірте жаңарып келеді. Бұл магистральдық тепловоздарға қатысты. Ал маневрлік тепловоздар ше? Мысалы, Маңғыстау темір жолында қолданыста жүрген маневрлік тепловоздарға қырық-елу жыл болған.**



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстау локомотив пайдалану депосында 14 маневрлік тепловоз бар. Олардың дені маневрлік жұмыстар көп атқарылатын Бейнеу және Маңғыстау станцияларында қолданыста. Бүгінде төртеуі Бейнеу, үшеуі Маңғыстау станциясында қызмет көрсетуде. Сонымен қатар Құрық порты станциясында екі, Шетпе және Өзен станцияларында бір-бір маневрлік тепловоз бар. Тепловоздар станциялардағы жұмыс көлеміне қарай бөлінген, олардың басқару тәртібі де түрліше. Маңғыстау, Бейнеу, Өзен, Шетпе станцияларындағы маневрлік тепловоздарды машинистер соңғы өзгерістерге сәйкес көмекшісіз жалғыз басқарады. Ал Құрық порты станциясында, керісінше, маневрлік тепловозды машинист пен көмекшісі бірлесе тізгіндейді. Бұл станцияда қазір жұмыс көлемінің азаюына байланысты машинист пен көмекшілерінің жұмыс кестесі 12 сағаттан бес ауысым. Қалған станцияларда ол сол уақытпен төрт ауысым. Айына белгіленген норма да әрқалай. Ол бір айда 164 сағат, келесісінде 154 немесе 174 сағат дегендей өзгеріп отыруы мүмкін.

– Магистральдық тепловоздарға қарағанда станция ішінде әрі-бері бір тынбайтын маневрлік тепловоздардың жұмысы күрделі және маңызды. Пойыздарды құрастырып, жинап, дайындау деген айтуға оңай болғанмен өте ауқымды жұмыс. Келген құрамдарды таркатып, вагондарды мекемелерге алып барып тапсырып, босағанын алып қайтады. Олардың бір сәтке де болса тоқтап қалуы жүк операциясының бұзылуына әсер етуі мүмкін, вагондар уақытылы жөнелтілмей, клиенттер дер кезінде ала алмай, сайып келгенде станция жұмысының кері көрсеткіштеріне алып келуі мүмкін. Сондықтан біз маневрлік тепловоздардың күзгі байқаудан ойдағыдай өтіп, алдымыздағы қыс айларында үздіксіз жүріп тұруын қамтамасыз етуге күш салудамыз. Осы уақытқа дейін 14 тепловоздың 8-не түрлі мерзімде күрделі жөндеу жүргізілді. Биыл өтіп жатқаны да бар, – дейді Маңғыстау локомотив пайдалану депосы бастығының орынбасары Марат Алхабеков.

Қолдағы мәліметке сүйенсек, қазір Маңғыстауда қолданылып жүрген маневрлік тепловоздардан Құрық порты станциясындағылар ғана жаңа. 2007 жылы келген. Қалғандары 1976,1986 жылдары алынған ескі маневрлік тепловоздар екен. Күрделі жөндеуден уақытылы өтіп тұрғанымен, ескінің аты ескі. Арасында сыр бермей тұрмайды. Жалпы, маневрлік тепловоздарды жаңарту қажет деседі локомотив мамандары.

*Суретті түсірген автор*

# КҮЗГІ ТЕКСЕРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

КОМИССИЯЛЫҚ БАЙҚАУ

**Күзгі комиссиялық бақылауды қорытындылау жиынында қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметтік-техникалық ғимараттардың жағдайы бойынша барлық шаруашылықтардағы кемшіліктер сараланды.**

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Тексеру комиссиясының төрағасы, Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Д.Құланбаев, тексеру барысында станциялардың техникалық жағдайы, жолдың үстіңгі қабаты, магистральдық инфрақұрылым мен жасанды құрылыстардың жағдайы, су мен жылу нысандары, өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері, орталықтың бұйрықтары мен басқа да нұсқаулықтарын орындау тәртібі қаралғанын айтты.

Өткен сегіз айда Атырау жол бөлімшесі бойынша пойыздық және маневрлік жұмыстарда ақау, өндірістік жарақат алу жағдайы болмаған. Жалпы алғанда, қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, ғимараттардың абаттандырылуы, жұмысшылардың тәртібі – қанағаттанарлық. Тексеріс кезінде бөлімше бойынша барлығы 1161 кемшілік анықталған. Соның ішінде ең көбі жол шаруашылығына қатысты болды, яғни жолдардың сапасына сын көп. Мақат, Атырау, Ганюшкино станцияларында біраз жолдарда шпалдар ескірген, бағыттамалы бұрмалардың бекітпелері осал, дұрыс жұмыс жасамай қалады. Сағатына 15 км жылдамдықпен жүретін телімдер де кездеседі. Жөндеуден шыққан материалдар сол жерде шашылып қалған, оны уақытылы жинастырып, қоймаға өткізу қажеттігі ескертілді.

Сигнализация және байланыс дистанциялары бойынша электр желілерін, бағыттамалы бұрмаларды сыртқы тексеру, рельс тізбектерін оқшаулау элементтерін жөндеу бағытында да кемшіліктер бар. Кей станцияларда дауыс күшейткіш дұрыс жасамайды. Дистанцияларда техникалық құжаттама жүргізуде олқылықтар орын алған, бұл – мамандардың білімін жетілдіру қажет деген сөз. Электрмен жабдықтау дистанцияларында жарықтандыруды және техникалық сабақтар сапасын жақсарта түсу қажет.



Атырау вагон пайдалану депосының командалық-нұсқаулық құрамы тарапынан лауазымдық міндеттері сапасыз орындалады. Мұның нәтижесі вагон қараушылардың жауапкершілігінің төмендеуіне, вагонға техникалық қызмет көрсетуде ақауды анықтау мен түзетудің дұрыс орындалмауына әкеледі. Сондықтан өндірістік-техникалық қызмет көрсетудің сапасын арттырып, вагонқараушылардың жұмысына бақылау жүргізу қажет. Қосалқы бөлшектер, Ганюшкино станциясында қол шамдары жеткіліксіз.

Атырау, Мақат локомотив деполары мен Мақат сервистік орталығында локомотивті жөндеу, күтіп-ұстауға, локомотивті қабылдау кезінде тексеріп, ақаулардың жоқтығына көз жеткізуге көп көңіл бөлу керектігі айтылды. Сервистік орталықта жағдай біраз түзелген, жөндеу құралдары жаңасына алмастырылып, қажетті саймандар алынған, бірақ әлі де болса кейбір қосалқы бөлшектердің жетіспеушілігі бар.

Локомотив шаруашылығы бойынша машинист-нұсқаушыларға сын айтылды. Олардың тарапынан пойыздың жүруі, автотежегішті басқару, машиниске қатысты басқа да кемшіліктер анықталмайды. Локомотив бригадаларының бақылау-нұсқау сапарлары, пойыз машинистерімен радиобайланыс дұрыс ұйымдастырылмайды.

Жиын соңында күзгі байқау қорытындысы саралана келе, бөлімше басшылығымен аталған кемшіліктерді түзету, көктемгі тексеріс анықтаған олқылықтарды қалпына келтіру, өз міндеттеріне жауапты қарау және әр он күн сайын кемшіліктердің қалай түзетіліп жатқаны туралы есеп беріп отыруға шешім қабылданды.

*Суретті түсірген автор*

# ҚАЗАЛЫДА ҚЫЗУ ЖҰМЫС

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

**Өндірістік жұмыс көрсеткіштерін жоспардан асырып орындап жүрген Қазалы станциясының ұжымында үздік теміржолшылар шоғырланғандай. Құрамалардан вагондарды ажыратып тарату, вагондарды жаңадан қайта құрастыру секілді жұмыстарды бес саусағындай меңгерген олар жыл басынан бері пойыздық және маневрлік жұмыстар кезінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына жол бермеген.**




Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қазалы

Қазалы станциясының теміржолшылары биылғы сегіз ай ішінде 559 пойыздан 33692 вагонды ажыратып, қала берді 128 пойызды құрастырып, оған 34203 вагонды тіркеп, тиісті бағытқа жөнелткен. Осыншама қыруар жұмыс кезінде еңбектің қорғалуына, қауіпсіздік техникасының сақталуына ерекше мән берілген. Станция бастығының орынбасары Руслан Мақашов әріптестерінің атқарған жұмыстары көңілге қонымды, бекітілген тапсырмалар тамыз айында да өз үдесінен шыққанын айтады.

– Станция теміржолшылары маневрлік, пойыздық жұмыс кезінде кірме жолдарда қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына жол берген жоқ. Вагон паркіндегі вагондар жұмысы да тиімді ұйымдастырылып отыр. Адами фактор әсерінен техникалық құрылғылардың істен шығуы болған жоқ. Бекеттің кіру бағдаршамында пойыздардың кідіруі де болған емес. Басшылық бекіткен №971-Ц бұйрығына сәйкес, бекет жолдарын, байланыс құрылғыларын әр ай сайын комиссиялық тексеруден өткізіп тұрамыз. Анықталған кемшіліктер дәрежесіне қарай уақытылы жойылып, түзетіледі, – дейді бекет басшысының орынбасары.

Ол карантиндік жағдай станцияға келетін жүктің азаюына әсер еткенін айтады. Мәселен, жүк вагондарынан жүк түсіру көрсеткіші сәл-пәл межесіне жетпей, 96,1 пайызды құраған. Дегенмен бұл көрсеткіш өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда едәуір жоғары деңгейде орындалған. Жалпы Қазалыда қыз-қыз қайнаған жұмыс. Теміржолшылар тарапынан шағымдар жоқ. Станцияда теміржолшыларға берілуі тиіс әлеуметтік көмек, қосымша көмек, маусымдық киімдер, жұмысқа қажетті құралдардың уақытылы берілуі тәртіпті жолға қойылған. Өз міндеттерін тап-тұйнақтай, жып-жинақы қалыппен атқаратын пойыз құрастырушылары Нұрғазы Өтекеш, Мейрамбек Құлмұратов, станция кезекшілері Өмірбай Қарабеков, Бақытбек Қараев, кезекші жанындағы оператор Бағдат Мүсіреп, жүк қабылдап-тапсырушы Рудба Айқабылова, парк кезекшілері Әсия Мектепова мен Темірбай Шуленбаев – әріптестеріне әрдайым үлгі боларлық азаматтар.

*Суретті түсірген автор*

Интервью




# КОМФОРТ И БЕЗОПАСНОСТЬ

**Вокзальный комплекс «Нұрлы жол» можно назвать главными железнодорожными воротами страны. Для многих именно с перрона начинается знакомство со столицей и Казахстаном. О том, как сделать пребывание на вокзале максимально комфортным и безопасным, о посещаемости в период пандемии и новых сервисных услугах рассказал начальник филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Железнодорожный вокзальный комплекс Астана» («Нұрлы жол») Эрик ШИНТЕКОВ.**

– Вокзал «Нурлы жол» – это многофункциональный комплекс площадью 116,7 тысячи квадратных метров. В здании 10 билетных касс, 6 залов ожидания, 2 зала прибытия, общее количество посадочных мест для размещения пассажиров достигает 3 000. Кроме того, имеются 4 комнаты матери и ребенка, справочные бюро, медицинский пункт, фудкорты, киоски и магазины, аптека, внизу расположен СпецЦОН. Комплекс полностью адаптирован для потребностей лиц с ограниченными возможностями.

**– Площадь и оснащение вокзала действительно впечатляют. Однако ранее в Сети встречались жалобы, что в таком большом пространстве сложно ориентироваться, особенно когда спешишь на поезд. Что-то изменилось в системе навигации?**

– На въезде, уличных парковках и по територрии вокзального комплекса мы установили новые навигационные указатели. В местах скопления людей, чтобы не допустить заражения коронавирусной инфекцией, размещены напольные и настенные знаки, подсказывающие направление к билетным кассам, справочным бюро, лифтам и эскалаторам. К тому же на помощь посетителям всегда приходят дежурные вокзального комплекса, которые могут не только подсказать, но и сопроводить пассажира до нужного места.

**– В связи с пандемией пассажиропоток по всем видам транспорта значительно снизился. Как коронавирус сказался на посещаемости вокзала?**

– С момента открытия 1 июня 2017 года мы обслужили порядка 17,5 миллиона пассажиров. В 2019 году пассажиропоток достиг 5 миллионов 229 тысяч человек. В 2020 году из-за пандемии коронавируса он сократился более чем в два раза – до миллиона 878 тысяч пассажиров. Однако уже с начала текущего года превысил миллион 630 тысяч. Среднесуточный пассажиропоток в летний период достигал 8,5 тысячи человек, или 19 пар поездов.

**– Какие меры принимаются для профилактики заражения коронавирусной инфекцией среди работников и посетителей вокзала?**

– Все входы вокзального комплекса оснащены бесконтактными термометрами. Пассажиры в здание допускаются строго в медицинских масках. Для их удобства на входах установлены вендинговые аппараты, где можно приобрести маску. На видных местах размещены санитайзеры для обработки рук, а также плакаты с информацией о мерах профилактики заражения. Аналогичная информация транслируется по громкой связи и на LED-экранах.

Ежедневно проводится генеральная уборка, в том числе обработка дезинфицирующими средствами, стен, ручек дверей, поручней, сидений. Каждые два часа дезинфицируются места общего пользования. Посадочные ряды в залах ожидания разграничены, для обеззараживания воздуха установлены рециркуляторы.

Мы обустроили «Карантинный уголок» для изоляции пассажиров или работников с симптомами covid-19.

**– Куда обратиться пассажиру, если он не смог попасть на вокзал из-за желтого/красного статуса в Ashyq?**

– В таком случае информация с приложения Ashyq автоматически передается в базу санитарно-эпидемиологической службы. Чтобы вернуть средства за неиспользованный билет, пассажиру необходимо направить на WhatsApp (номер телефона указан на сайте bilet.railways.kz) фото или скриншот билета, статуса с приложения Ashyq, а также фото документа, удостоверяющего личность.

**– Безопасность – важная составляющая комфортного путешествия. Расскажите о мерах по предупреждению и выявлению правонарушений на вокзале.**

– За порядком следит расположенное на вокзале линейное отделение полиции на транспорте. Кроме того, ведется круглосуточное видеонаблюдение и патрулирование вокзального комплекса и прилегающей территории сотрудниками охраны. Для всех работников предусмотрена система контроля и управления доступом в здание.

**– Один из наболевших вопросов, связанных с вокзалом, – парковка. Как он решается?**

– Хочу отметить, что вся парковочная зона вокзального комплекса (крытый двухуровневый паркинг



